

SOLTÚSTIK

OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI GAZET



QAZAQSTAN



WWW.SOLTUSTIKKAZ.KZ

Gazet 1920 jylдың 22 aqpanynan shyǵa bastady.
1970 jylǵy 30 sáyrde "Qurmet belgisi" ordenimen marapattalǵan.

КӨНЕ ШАҒАР

Астанадағы көрменің қызығына қаныққан соң Петропавлға келуді ұйғарған саяхатшылар табылып жатса, бұл шешімдері үшін еш өкінбесі анық. Себебі, еліміздің солтүстік қақпасы саналатын бұл шаһар бай тарихымен, көненің көзіндей сақталған ескерткіштерімен, өзіндік мәдениетімен ерекше. Көрмеден алған әсерлері еселеніп, Қазақстанмен қимай-қимай қолтасар еді.

Астана – әлемге бастамашыл идеяларымен көрініп, бейбітшіліксүйгіш ел ретінде танылған, Орталық Азиядағы көшбасшы мемлекет – Қазақстан Республикасының бас шаһары, ал Петропавл – айынып Астанаға қалқан болып, елдің шетінде, желдің өтінде тұрған ескі қала. Әріге көз жүгіртсек, қос қаланың арасында нәзік жіп сияқты жалғасып жатқан тарихи байланыс бар екенін аңғарамыз.

Мысалы, Петропавл қаласының тарихында үлкен маңызға ие болмаса да, өзіндік құндылығы бар қызықты деректер жеткілікті. Соның бірі кейін астанаға айналған Ақмола қаласының алғаш құрылысы басталған тұсына қатысты дерек. 1930 жылы Ақмоланы салуға Петропавл бекінісінің коменданты, подполковник Ф.Шубиннің басшылығымен құрылысшылар отряды жөнелтіледі. Семек ханның ұрпағы, кейін Ақмола округінің аға сұлтаны болған Қоңырқұлжа Құдаймәндінің тікелей қатысумен және подполковник Ф.Шубиннің басшылығымен Ақмолада алғашқы әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлер салынған. Комендант жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, адалдығы, әділдігі, жергілікті жердің тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін жақсы білуінің арқасында қазақ халқы тарапынан сый-құрметке, ерекше сенімге ие болған.

Петропавл қаласының тарихы да өте бай. Ол бекініс ретінде 1752 жылы ежелден қазақ халқы мекен еткен Қызылжар жерінде салына бастаған. Ал оның болашақта қала ретінде қалыптасып, дамуына қазақтың ұлы ханы Абылай тікелей әсер еткен. 1759 жылдың 22-ші желтоқсанында Әулие Петр бекінісінде сауда орнына ашу туралы жарлық шығады. Абылай хан мұнда Орта жүз қазақтары үшін ірі жәрмеңке ашуды сұраған. Бұл талап орындалған жағдайда Новоишим бекінісін салуға рұқсат беретіні көрсетілген.

Петропавл қаласын және ондағы жәрмеңкелерді шығармасына арқау еткен тұлғалардың бірі – жазушы Петр Ершов. Жан-жақтан ағылған саудагерлер жиналатын Шығыс жәрмеңкесінен алған әсері негізінде қалагердің санасында “Конек-Горбунок” образы қалыптасып, кейін ол ертегі ретінде жарыққа шықты. Петр Ершов ел арасындағы аңыз негізінде “Сузге” атты поэма жазды.

Дәл осы жәрмеңкелердің арқасында қазақ даласына салынған әскери мақсаттағы бекіністердің дені ірі елді мекендерге айналды. Мысалы, 1909 жылы Петропавл қаласында тастан салынған үйлер сол кездегі Омбы, Ақмола, Көкшетау және Атбасар шаһарларымен салыстырғанда әлдеқайда көп еді. Дәл осы жылы Қазақстанның қалалары арасынан Петропавлда тұңғыш телефон станциясы салынып, байланыс желісі тартылды. 1909 жылы шаһарда “Новый свет” (“Ударник”) кинотеатры бой көтерді. Ол әлдеқашан мәдениет және тарих ескерткіштері

қатарына алынғанымен, революцияға дейінгі кезеңнен бастап қазіргі күнге дейін жұмыс істеп тұрған еліміздегі жалғыз кинотеатр.

Петропавл қаласы тарихында қазақтың әйгілі қайраткерлері Шоқан Уәлиханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Әбдірахман Әйтиев, Қажымұқан Мұңайтпасов және Балуан Шолақтың ізі қалған. Бұл тұлғалармен байланысты тарихи орындар да баршылық. Мысалы, қаланың өткенінен сыр шертетін 106 архитектуралық ескерткіш сақталған. Олардың барлығы дерлік мемлекет қамқорлығына алынып, ерекше күтіледі. Петропавл қаласының өзге елді мекендерден ерекшелігі де – көне ғимараттардың көптігі.

Петропавл еліміздің солтүстігіндегі ірі экономикалық, көлік-логистикалық, мәдени-тарихи орталық саналады. Өткен жылы халықаралық әуежай қайтадан жаңартылып, ірі әуе жолы ретінде жұмысын жалғастыруда. Біздің сүйікті қаламыз арқылы әлемдегі ең ұзын “Транссібір” темір жол магистралі өтетіні белгілі. Бұл күре жол еліміздің бас қаласы Астанамен де байланыстырады. Өткен жылдың соңына қарай Астана – Петропавл тасжолын күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, қазір жерлестеріміз елордаға тақтайдай тегіс даңғылмен қатынап жүр.

“ЭКСПО – 2017” халықаралық көрмесін тамашалаушылар Петропавлға келсе, көрсетуге тұрарлық тарихи-мәдени орындар баршылық. Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының сөрелері құнды жәдігерлерге толып тұр. Кез келген жәдігер туристер үшін қызық. Үш жүздің басын қосқан хан Абылайдың атындағы мұражай-кешен де туристерді қарсы алуға дайын. Ел арасында “Абылайдың ақ үйі” атанып кеткен бұл нысан көненің көзі іспеттес. Үш бірдей театрымыз бар: Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры, Н.Погодин атындағы облыстық орыс драма театры және қуыршақ театры.

Қаладағы ең көрікті жерлердің бірі – қысы-жазы жап-жасыл кейпін жоғалтпайтын ботаникалық бақ. Ғасырдан астам тарихы бар жасыл бақ еліміздегі ең көне оранжереялар қатарына жатады. 2010 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі тамашалаған болатын. Таза ауада демалушылар үшін қалалық демалыс саябағының орны ерекше. 1861 жылы ашылған саябақ еліміздегі байырғы демалыс орындарының бірі саналады. Жеңіс паркі мен Пестрое көлінің жағалауындағы “Солтүстік жұлдызы” саябағы да соңғы жылдары жаңа кейіпке өнді. 2012 жылы ашылған “Нептун” аквапаркіне солтүстікқазақстандықтар ғана емес, Қазақстан мен Ресейдің жақын орналасқан қалаларынан келушілер қарасы бір үзілген емес. Петропавлда қонақүйлер құрылысы да қарқын алып, қазіргі таңда әлемдік стандарттарға сай мейманханалар мен мейрамханалар ашылды, әлі салынып жатқандары қаншама?!

Бұлардың бәрі “ЭКСПО – 2017” көрмесіне келген шетелдік туристер Қазақстан жайлы толығырақ танып-білсек деген мақсатпен Петропавлға табан тірей қалса, ұялмай апаруға тұрарлық орындар. Көне шаһар көркімен де, тарихымен де тартымды.

**Серік ДҮЙСЕНОВ,
өлкетанушы.**